

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және
биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік
бірлестігі – Жобаларды басқару тобы отырысының
№ 1 хаттамасы**

Алматы қ. онлайн режимде

19 қыркүйек 2024жыл

**Модератор: Абдыров А.М., РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, Басқарма
Төрағасы – Ректордың орынбасары, п.ғ.д.**

1. ТЫҢДАЛДЫ:

1. 2024-2025 оқу жылына РОӘК ОӘБ жаңарған құрамын бекіту.

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-
Ректордың орынбасары, п.ғ.д. Абдыров А.М.

Кесте – 1. РОӘК ОӘБ құрамы

ОӘБ-ЖБТ секциясы	ОӘБ-ЖБТ мүшелерін ің жалпы саны	Оның ішінде			
		жетекшілік ететін ОӘБ-ЖБТ ЖЖОКБҰ	басқа отандық ЖЖОКБҰ	шетелдік ЖЖОКБҰ	жұмыс берушілер
Төралқа	3	3	-	-	-
Жұмыс тобы	26	10	16	-	-
В077-Өсімдік шаруашылығы	47	8	20	2	17
В078-Мал шаруашылығы	23	4	11	1	7
В079-Орман шаруашылығы	18	5	7	-	6
В080-Балық шаруашылығы	10	1	5	-	4
В082-Су ресурстары және суды пайдалану	25	5	11	1	8
В183- Агроинженери я	32	10	10	3	9
В083- Ветеринария	41	9	18	2	12
БАРЛЫҒЫ	225	55	98	9	63

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1 А.Абдыровтың ақпараты назарға алынсын.

1.2 2024-2025 оқу жылына ОӘБ жаңартылған құрамы бекітілсін;

1.3 Негізгі құрамның саны бойынша немесе құрамына өзгертулер енгізу
ұсыныс хат негізінде жүргізілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

2. РОӘК ОӘБ 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен мәжіліс жоспарын бекіту.

РОӘК ОӘБ ғалым хатшысы Ж.Кенжебекова.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 2.1 Ж.Кенжебекованың ақпараты назарға алынсын.
- 2.2 2024-2025 оқу жылына ОӘБ жұмыс жоспары бекітілсін.
- 2.3 2024-2025 оқу жылына ОӘБ мәжіліс жоспары бекітілсін.
- 2.4 Жоспарға өзгертулер енгізу ұсыныс хат негізінде жүргізілсін

ТЫҢДАЛДЫ:

3. В183 Агроинженерия даярлау бағыты бойынша қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің жалпы кәсіптік және арнайы пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіндегі пәндерді анықтау.

Баяндамашы: «Агроинженерия» секциясының меңгерушісі, «Аграрлық техника және машина жасау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. Ж.Жумагулов.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 3.1 Ж.Жумагуловтың ақпараты назарға алынсын.
- 3.2 В183 Агроинженерия даярлау бағыты бойынша қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің жалпы кәсіптік және арнайы пәндерін көрсететін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне төмендегі пәндер енгізілсін.

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасының тобы	Жалпы кәсіптік пән	Арнайы пән
6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6В087 Агроинженерия	В183 Агроинженерия	Физика	Еңбек қорғау

- 3.3 «Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламасы топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі біліс мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» тізбесіне В183 «Агроинженерия» даярлау бағыты бойынша мәндес БББ анықталып, бұйрыққа өзгеріс енгізу бойынша ұсыныс 2024 жылдың 1 қазанына дейін ҚР ҒЖЖБМ хат жолдансын.

ТЫҢДАЛДЫ:

4. В080 «Балық шаруашылығы» даярлау бағытының атауын ауыстыру туралы. РОӘК ОӘБ ғалым хатшысы Ж.Кенжебекова.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 4.1 Ж.Кенжебекованың ақпараты назарға алынсын.

- 4.2 В80 Балық шаруашылығы даярлау бағытының атауы В80Аквакультура және су биоресурстары даярлау бағытына ауыстырылсын.
- 4.3 В80 Балық шаруашылығы даярлау бағытының атауы В80Аквакультура және су биоресурстары даярлау бағытына ауыстыру бойынша ұсыныс хат жолдансын.

ОӘБ-ЖБТ ғалым хатшысы



Ж. Кенжебекова

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары,
Басқарма Төрағасы –
Ректордың орынбасары



А.Абдыров